

Ақмола облысы әкімдігінің
2015 жылғы 11 маусымдағы №
А-6/265
қаулысымен бекітілді

**"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарына
денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды
үйде жеке тегін оқытуды үйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарына
денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде
жеке тегін оқытуды үйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Ақмола
облысының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарымен
көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: қағаз түрінде.

3. Құжаттарды қабылдау туралы қолхат (еркін нысанда) мемлекеттік
көрсетілетін қызметтің нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

**2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті
берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл
тәртібін сипаттау**

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан
Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 174
қаулысымен бекітілген "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру
үйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын
балаларды үйде жеке тегін оқытуды үйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген
құжаттарды ұсынады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әр рәсімнің
(әрекеттің) мазмұны, оның орындалу мерзімінің ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жаупапты орындаушысы құжаттарды
қабылдауды, оларды тіркеуді, сондай-ақ қолхаттың жобасын дайындауды
жүзеге асырады – 1 жұмыс күні. Нәтижесі – қолхаттың жобасын басшылыққа
жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы қолхаттың жобасымен
тансады – 1 жұмыс күні. Нәтижесі – қолхатқа қол қою;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жаупапты орындаушысы көрсетілетін
қызметті алушыға қолхат береді – 5 минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті
алушыға құжаттарды қабылдау туралы қолхатты (еркін нысанда) береді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің жаупты орындаушысы;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы.

7. Әрбір рәсімнің ұзактылығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметшілер) арасында рәсімдердің (іс-қимылдың) кезеңділігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жаупты орындаушысы құжаттарды қабылдауды, оларды тіркеуді, сондай-ақ қолхаттың жобасын дайындауды жүзеге асырады – 1 жұмыс күні;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы қолхатпен танысады – 1 жұмыс күні;


3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі көрсетілетін қызметті алушыға қолхат береді – 5 минут.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет беру процесінде көрсетілетін қызметті беруші рәсімдерінің (іс-қимылдарының), құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) кезеңділігін толық сипаттау, осы регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет берудің бизнес-процесінің анықтамалығында көрсетіледі.

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта
білім беру үйымдарына
денсаулығына
байланысты ұзақ уақыт бойы
бара алмайтын
балаларды үйде жеке тегін
оқытуды
үйымдастыру үшін құжаттарды
қабылдау"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің
регламентіне қосымша

**"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарына
денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды
үйде жеке тегін оқытуды үйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау"
мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процессерінің анықтамалығы**

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет беру процесі (жұмыс барысы, ағыны)



*КФБ - құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бейнесі (қызметкерлерінің) өзара іс-кимылдары;



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-кимылының) және (немесе) КФБ атауы;



- келесі рәсімге (іс-кимылға) ету.